**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»ММ**
**«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы»МКҚК**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорынының 2025-2026 оқу жылындағы**
**өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Бестамақ ауылы 2026 жыл**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы**

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы»Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы,

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы 2023 жылғы 27 маусымдағы №183 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына толықтыру енгізу туралы 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №36 бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»ММ-нің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» МКҚК өзін-өзі бағалауды өткізу туралы 2026 жылғы 4 мамыр №18 бұйрығы негізінде

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалауы жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Білім беру қызметінің 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сай жүзеге асырылуын анықтау.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалауы 2026 жылғы 4 мамыр № 18 бұйрығымен бекітілген келесі құрамдағы комиссиямен өткізілді:

1. Курманова Ләззат Бауржановна - «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының меңгерушісі, комиссия төрайымы;
2. Уразалина Гульнара Басаровна - «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының әдіскері, педагог-сарапшы,комиссия мүшесі.
3. Бекенова Гулим Жулжановна –«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының әдіскері,педагог-зерттеуші, комиссия мүшесі.
4. Досова Айман Бектургановна - «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының тәрбиешісі,педагог-зерттеуші, комиссия мүшесі.
5. Сатаева Алтынай Даулеткереевна - «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының кәсіподақ төрағасы,педагог-зерттеуші, комиссия мүшесі.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Қазақстан Республикасының «Білім туралы»Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

**1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

1) Білім беру ұйымының атауы:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері:Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы, Бөкенбай батыр көшесі №53 үй. индекс 030202,Екі қабатты, сыйымдылығы 140 бала.

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ. Жер учаскесінің кадастрлік нөмері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Алға аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің 2021 жылғы 14 қантардағы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы берілген. БСН 060540004704

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон,электрондық почта,web-сайт): телефон /871337/3-52-81,сайт https://bolashak-bestamak-bb.edu.kz/kz,

электрондық почтасы bolashak.bestamak_bb@mail.ru, инстаграмм парақшасы https://www.instagram.com/bolashak_bb,https://instagram.com/d.sad_bolashak_kasipodag facebook «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы https://www.facebook.com/profile.php?id,тик ток парақшасы https://www.tiktok.com/@bolashakbb? және «Бестамақ«Болашақ» балалар бақшасы» YouTube каналы.

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» МКҚК меңгерушісі: Курманова Ляззат Бауржановна. "Алға аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 1-73§3 бұйрығы негізінде меңгеруші қызметіне тағайындалды. 2021 жылдың қантар айының 5-нен бастап" Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің № 1-1§19 бұйрығымен қайта тағайындалды.

5) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: (білім беру ұйымның жарғысы) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанда № 469 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 56-1904-04-440-ГП

6) Рұқсат беру құжаттары: (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама):

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 2021 жылғы 2 ақпанда берілген № KZ92RVK00030938 «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

**2.Кадрлық құрамға талдау.**

**Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаттар,оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтар туралы мәлімет**

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасында 2025-2026 оқу жылдарында 18 педагог жұмыс жасаған.

«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасының өзін-өзі бағалау анықтамасына және әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасына сәйкес кесте бойынша ұсынылған (меңгеруші-1, әдіскер-2, педагог-психолог-1, музыка жетекшісі-1, тәрбиешілер-12,педагог-асистент-1)

**Педагогтардың білімі туралы мәлімет**

| № | Оқу жылдары | Барлық педагог-тар | Жоғары білімді | Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді | Арнаулы орта білімді | Оның ішінде мектепке дейінгі арнаулы орта | Педаго-гикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2025-2026 | 18 | 12(67%) | 9 (50%) | 6(33%) | 6(31%) | 0 |

**Педагогтардың біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы мәлімет**

| Оқу жылы | Барлық педагогтар саны | ҚРОАМ «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы"АҚ | «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы | Балаларды ерте дамыту институты |
|---|---|---|---|---|
| 2025 -2026 | 18 | 14(78%) | 3 (17%) | 1 (5%) |

**Педагогтардың біліктілік санаттары туралы мәлімет**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген.Осыған орай «Болашақ» балалар бақшасының педагогтар санаттарын көтеруге жұмыстанған: Өзін-өзі бағалау анықтамасы бойынша және әдістемелік ұсынымдардың 2- қосымшасына сәйкес берілген мәлімет бойынша:

**Педагогтардың санаттық көрсеткіші**

| Оқу жылы | Педа-гогтар саны | басшы менеджер | педагог-зерттеуші | педагог-сарапшы | педагог-модератор | Педагог-тағылымдамашы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2025-2026 | 18 | 1(5%) | 5(28%) | 7(39%) | 3(17%) | 2- (11%) |

**Қорытынды**: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 2-тарау, 24 тармағына сәйкес педагогтер біліктілік санатының деңгейін арттырып тұрады.

2025-2026 оқу жылында балабақшада 18 педагог қызмет етеді оның 3 жоғары педагогикалық (меңгеруші,музыка жетекшісі,психолог), 9 жоғары «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» , 6-де арнаулы орта «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімдері бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары негізінде «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасында базалық білімі жоқ педагогтар анықталмады.

Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Оқу -ағарту министрінің м.а.2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары кестесіне сәйкес жасалған және балабақша әкімшілігімен бекітілген.

Барлық педагогтер саны: -18 педагог,оның ішінде педагог-психолог, музыка жетекшісі бар.Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша:-15(83%)

Жоғарғы педагогикалық білімі бар:-3(17%)

Басшы-менеджер:-1(5%)

Педагог-зерттеуші:-5 (28%)

Педагог-сарапшы:-7 (39%)

Педагог-модератор:-3 (17%)

Педагог-тағылымдамашы-2 (11%)

**«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасының 2025-2026 оқу жылындағы педагог мамандардың тізімі**

| № | Аты -жөні | Білімі,бітірген оку орыны | Диплом бойынша мамандығы | қызметі | Жалпы еңбек өтілі | Осы б/бақшада | Санаты | Курстан өтуі, орны, тақырыбы, жылы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Курманова Ляззат Бауржановна | Жоғары. Актобе педагогикалық институты. | «Химия-биология пәнінің мұғалімі» | Меңгеруші | 29ж 03 ай | 18ж 8 ай | "Басшы -менеджер" Бұйрық №1105 §1.31. 08. 2023ж | «Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББ УПШО «Мектепке дейінгі ұйымдардағы менеджмент практикасы:балаларды дамыту бағдары» 80 с» ВВ№103837 07.02.2025ж. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Урazалина Гульнара Басаровна | Жоғары. С.Бәйішев атындағы университет | «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» | Әдіскер-тәрбиеші | 25ж ай | 18ж 6 ай | «Педагог-сарапшы» Бұйрық №332.09.09.2024.№374.20.11.2024 ж | «Назарбаев зияткерлік мектептері»ДБ БҮПШО «Мектепке дейінгі білім беру:балалардың ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 26.09.2025 ж.№135984 |
| 3 | Шамшина Нургүл Мусаевна | Жоғары. С.Бәйішев ат универ-ситет. | Педагогика және психология | Педагог-психолог | 31ж | 16ж | «Педагог-сарапшы» Бұйрық №378. 20.11.2024ж | «Өрлеу»БАҰО » АҚ «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» 80с. 26.01.2024 ж. №0753969 |
| 4 | Науразалиева Айгуль Алихановна | Жоғары, Атырау педагогикалық институты. | Музыка пәні мұғалімі | Музыка жетекшісі | 36ж | 18ж 8 ай | «Педагог-зерттеуші» Бұйрық №371.11.09. 2023жылғы | «Өрлеу»БАҰО »АҚ«Мектеп-ке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» 2024ж №0294797 |
| 5 | Базаргалиева Айнагул Кубаевна | Жоғары Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институты. | «Мектепке дейінгі педагогика ж.е психология оқытушысы, мектепке дейінгі | Тәрбиеші | 28ж 2 ай | 15 ж | «Педагог-сарапшы» Бұйрық №1-178§3.24.12. 2021 ж | «Өрлеу»БАҰО »АҚ«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» 72с. 08.02.2024ж №0754363 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәрбие әдіскері» | | | | | |
| 6 | Сатаева Алтынай Даулеткереевна | Жоғары. С.Бәйішев атындағы университет. | «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» | Тәрбиеші | 27ж 9 ай | 16ж 10 ай | «Педагог-сарапшы» Бұйрық №1-178§3.24.12. 2021 ж | «Өрлеу»БАҰО»АҚ«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» 11-20.2024ж №0643967 |
| 7 | Габдуллина Жанылсын Егинбаевна | Жоғары С.Бәйішев атындағы университет. | «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» | Тәрбиеші | 18ж 4 ай | 15 ж | «Педагог-модератор» Бұйрық №50, 20.12. 2021 ж | «Өрлеу»БАҰО»АҚ«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»72с. 08.02.2024ж №754366 |
| 8 | Досова Айман Бектургановна | Арнаулы орта. Ақтөбе гуманитарлық-техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі. | «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» | Тәрбиеші | 36ж 3 ай | 18ж 8 ай | «Педагог-зерттеуші» Бұйрық №211, 13.08.2021 ж | «Өрлеу»БАҰО»АҚ«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» 11-20.2024ж №0643955 |
| 9 | Нұрмұхан Балауса Өтегенқызы | Жоғары. С.Бәйішев атындағы университет. | «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» | Тәрбиеші | 21ж | 12ж | «Педагог-сарапшы» Бұйрық №371.11.09.2023ж | «Өрлеу»БАҰО»АҚ«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» 72с. 08.02.2024ж №0754380 |
| 10 | Исупова Любовь Леонидовна | Арнаулы орта.Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік | «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» | Тәрбиеші | 25ж 5 ай | 12ж 8 ай | «Педагог-модератор» Бұйрық №17.29 | «Өрлеу»БАҰО»АҚ«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі ЖШС. | | | | | .12. 2020 ж | даму ортасын ұйымдастыру» 11-20.2024ж №0643959 |
| 11 | Шинтисова Салтанат Оразгалиевна | Жоғары. С.Бәйішев атындағы университет. | «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» | Тәрбиеші | 22ж 9 ай | 14ж 4 ай | «Педагог-зерттеуші» Бұйрық №211.13.08.2021 ж | «Өрлеу»БАҰО»АҚ«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» 13.02.2025ж №0753385 |
| 12 | Бекенова Гулим Жулжановна | Жоғары. Актобе мемлекеттік педагогикалық институты. | «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» | Тәрбиеші | 19ж 7 ай | 16ж 4 ай | «Педагог-зерттеуші» Бұйрық №211.13.08.2021 ж | ҚРОАМ Балаларды ерте дамыту институты «Тәрбиелеу білім беру процесінде ойын арқылы оқытуды ұйымдастыру» 21.05.2025ж №008419 |
| 13 | Косанова Гульмира Сабидуллаевна | Арнаулы орта. К.Жубанов атындағы Актобе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі ЖШС. | «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» | Тәрбиеші | 24ж 5 ай | 18ж 8 ай | «Педагог-сарапшы» бұйрық №332. 09.09. 2024ж | «Өрлеу»БАҰО»АҚ«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» 72с.02.10.2025 ж №0875381 |
| 14 | Жубатова Асель Урынбаевна | Жоғары. С.Бәйішев атындағы университет. | «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» | Тәрбиеші | 10 ж 7 ай | 10 ж 7 ай | «Педагог-модератор» Бұйрық №55.27.08.202 | «Өрлеу»БАҰО»АҚ «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | 4ж. | даму ортасын ұйымдастыру» 11-20.2024ж №0643958 |
| 15 | Бурханова Райхан Хормитовна | Арнаулы орта Көпсалалы «Болашақ» колледжі. | «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» | Тәрбиеші | 10ж 8 ай | 10ж 8ай | «Педагог-модератор» Бұйрық №17.29.12. 2020 ж | «Өрлеу»БАҰО »АҚ Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» 13.02.2025ж №0753365 |
| 16 | Тауженова Амангуль Такировна | Арнаулы орта . Ақтөбе гуманитарлық-техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі. | «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» | Тәрбиеші | 4 ж | 4ж | «Педагог-модератор» Бұйрық №55.27.08.2024ж. | «Өрлеу»БАҰО »АҚ «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» 11-20.2024ж №0643970 |
| 17 | Бегеева Арайлым Темирхановна | Жоғары. Қазақ-орыс Халықаралық университеті 2024 ж | «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» | Тәрбиеші | 1ж 7 ай | 1ж 7 ай | Педагог | «Өрлеу»БАҰО »АҚ «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» 20.10-31.10.2025ж №0908005 |
| 18 | Әділбек Ботагөз Түгелбайқызы | Арнаулы орта.Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі. 2023 ж | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» | Педагог-ассистент | 3 ай | 3 ай | Педагог | «Назарбаев зияткерлік мектептері»ДБ БҰПШО «Мектепке едйінгі білім беру:балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | дамыту» 16.03.2026ж №204730 |

**Қорытынды:**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 22 тармағы «Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтың кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға» талабына сәйкес келеді.

**3.Тәрбиеленушілердің контингенті**

Балабақша сыйымдылығы 140 орын,балабақша аптасына бес күн жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Балабақша 2-4 жас аралығындағы балаларды қамтиды,барлығы 6 топ.Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы кіші топтарда-20 бала, ортаңғы топтарда-24 бала,ересек топтарда-24,5 жалпы балабақша бойынша сыйымдылығы-22,8 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, ата-аналардың келісім шарттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген. Күн тәртібі бойынша балалар үш мезгіл тамақтандырылады .Балабақша тәрбиеленушілер контингенті https://darabala.kz/ сайтының жолдамасы арқылы тіркеді. Балабақшаға балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес,мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналарға арналған қызмет көрсету бұрышы жасалып, жауапты маман бекітілген. Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

**2025-2026 оқу жылы 6 топ жұмыс жасайды:**

«Балбөбек», «Солнышко»-кіші топтары
«Қуыршақ» -ортаңғы тобы
«Балдырған», «Жұлдыз-ай» -ересек топтары
«Балапан» -аралас тобы

**Балалар тізімі:**

| № | Оқу жылы | Бала саны |
|---|---|---|
| 1 | 2025-2026 | 137 |

2025-2026 оқу жылында барлығы 137 тәрбиеленуші көрсетілген,ағымдағы оқу жылында 137 тәрбиеленуші бар екендігі анықталды. Олардың ішінде
Кіші (2-жастағы балалар) –2 топ – 40 тәрбиеленуші.
Ортаңғы (3-жастағы балалар) – 1 топ – 24 тәрбиеленуші.
Ересектер (4 жастағы балалар) – 2 топ - 49 тәрбиеленуші
Аралас (3жас-21бала,4 жас-3бала) -1 топ-24 тәрбиеленуші тәрбиеленеді.
Ай сайын балалардың қатысымы мен наукастануы есепке алынып қорытындыланып отырылады. МДҰ-да және ата-ананың барлық қарым-

қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 700 теңге Ақтөбе облысы әкімдігінің 19.02.2026 жылғы № 34 қаулысына, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің 26.02.2026 жылғы №96 бұйрығына сәйкес келеді.

**Қорытынды:**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығына 1- қосымшасының 4-тарауының 25-тармағы «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады: кіші топ-2 жастағы балалар; ортаңғы топ-3 жастағы балалар;ересек топ-4 жастағы балалар талабына сәйкес келеді.

**«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасында инклюзивті білім беру**

**Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс**

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы;Білім беру ұйымдарындағы психологиялық- педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасында биылғы оқу жылында күрделі жөндеуден кейін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен ата-аналар үшін қолайлы кедергісіз орта қалыптастырылған. Атап айтқанда:

Кіреберіс бөлігінде пандус орнатылған,бұл мүмкіндігі шектеулі жандардың ғимаратқа еркін кіруіне жағдай жасайды.

Бағыттаушы жолақтар (тактильді жолақтар) қарастырылған, олар көру қабілеті төмен адамдардың қауіпсіз қозғалуына мүмкіндік береді.

Арнайы автотұрақ орындары белгіленген, бұл ата-аналар мен келушілерге ыңғайлылық туғызады.

Дәретхана бөлмесі бейімделген, яғни тірек тұтқалар, кең есіктер және ыңғайлы жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Ғимарат ішінде еркін қозғалысқа қолайлы кеңістік жасалған (кең дәліздер, кедергісіз өту жолдары)



Балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілермен жұмыс инклюзивті білім беру талаптарына сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылды. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) қорытындысы негізінде есепте психикалық дамуы тежелген (ЗПР) диагнозымен 2 бала тіркеліп,оларға кешенді қолдау көрсетілді.Олар ересек «Жұлдыз-ай» тобының тәрбиеленушісі Асқар Адия және ортаңғы «Құлыншақ» тобының тәрбиеленушісі Сұлтанов Зангар.Аталған тәрбиеленушілерге олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке дамыту бағдарламалары (ЖДБ): «Сөйле,балақай» (3 жас),«Бала тілі бал» (4 жас) бағдарламалары

әзірленіп,жұмыстар жүргізілді.Бағдарламалар танымдық, сөйлеу, әлеуметтік және эмоционалдық даму бағыттарын қамтып, жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Сонымен қатар балабақша психологы және педагог-ассистент өз жоспарларын құрып, қорытындыларын жасады. Ассистент балаларға тапсырмаларды түсіндіру, орындау барысында бағыт беру, топтық іс-әрекеттерге тарту жұмыстарын жүйелі жүргізді.Арнайы маман тарапынан түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді: психолог – балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, зейінін дамыту, мінез-құлқын түзету және әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру жұмыстарын жүргізді.
Түзету жұмыстарының тиімділігін анықтау мақсатында жүйелі мониторинг жүргізілді.
**Қорытынды:** Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы;Білім беру ұйымдарындағы психологиялық- педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары сақталған.

**4.Оқу-әдістемелік жұмыс**
**Білім беру ұйымның мақсат-міндеттері:**
**Мақсаты:**
Мектепке дейінгі жастағы балалардың дағдыларын жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды дамытып, отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу.
**Міндеттері :**
- Балаларға қауіпсіз дамытушы орта құрып, ойын технологиялары арқылы балалардың коммуникативтік, физикалық, танымдық,шығармашылық , әлеуметтік -эмоционалды дағдыларын қалыптастыру;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық мұраны қастерлеу, қазақ тілін,салт- дәстүрін құрметтеп, отансүйгіштікке тәрбиелеу
- Балабақша мен ата-аналар ынтымақтастығын арттыру

**Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:**
1.Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп, іске асырылады.
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасында оқыту-тәрбиелеу процесін:
-Қазақстан Республикасының «Білім туралы»Заңына;
-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделіне;
-Балабақша жарғысына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
-Оқу жұмыс жоспарына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына
-Ішкі тәртіп ережелеріне;

- Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің, облыстық білім басқармасы және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

**2025-2026 оқу жылындағы оқу жоспары**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қаңтарда №35670 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (2025 жылғы 16 қаңтар № 7 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар);

Мектепке дейінгі тәрбиеумен дамыту моделін бекіту туралы ҚР үкіметінің 2021 жыл 15 наурыздағы №137 қаулысы;

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы; Білім беру ұйымдарындағы психологиялық- педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы.Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 болып тіркелді «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына(2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2025-2026 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлермен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты,мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда бекітілген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйке келеді.

Оқу жоспары Алға аудандық білім бөлімімен келісіліп бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік бағдарламаның міндеттеріне, сәйкес құрылған перспективалық жоспарға, «Қазақстан Республикасының Оқу-Ағарту министрлігі»ММ 26.05.2025ж.№123 «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы»ММ 15.08.2025 жыл №341(бұдан әрі өзгерістер мен толықтырулар 31.12.2025 жыл №664 бұйрығы),

«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы»МКҚК 02.09.2025жыл №44 бұйрығы негізінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда.
Білім беру ұйымдарында апталық циклограммалар жазылып балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылары мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды күн тәртібіне сәйкес,ойын түрінде жүзеге асырды.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау индикаторлар жүйесі арқылы іске асырылуда. Осы 2025-2026 оқу жылдары бойынша барлық топтардың және музыка жетекшісінің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары толық жазылған.

**5.Оқу –материалдық активтер.**
**Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету**

«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы» МКҚК Алға ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 18 мамырдағы № 161 қаулысына сәйкес 2006 жылдан бастап жұмыс істейді. Екі қабатты типтік балабақша.

«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы» Алға ауданы, Бестамақ ауылы, Бөкенбай батыр көшесі №53 үй. Екі қабатты, сыйымдылығы 140 бала.

Балабақша ғимараты 1963 жылы салынды. 2006 жылы күрделі жөндеу жұмыстарынан соң Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасы қайта ашылды.

2025 жылдың мамыр-қыркүйек айлары аралығында балабақша күрделі жөндеуден өтті. Келісім шарт бойынша жалпы сумма- 323930,2 мың теңге

- Күрделі -қалпына келтіріп жөндеу жұмыстары (СМР) ЖШС "Бабок Құрылыс" - 314230,7 мың теңге
- Авторлық бақылау ЖШС "ASU JOBA" -1475,0 мың теңге
- Техникалық бақылау ЖШС "СанТехМонтаж-Актобе" - 8224,5 мың теңге

Балабақшада тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында материалдық-техникалық база жүйелі түрде нығайтылып отырды.

Мекемеде қауіпсіздік талаптарына сәйкес бейнебақылау жүйесі орнатылып, тұрақты жұмыс істейді. Барлығы 24 камера сыртқы-6 камера, ішкі-18 камера орналастырылған.Бейнекамералар ғимараттың ішкі және сыртқы аумақтарына орналастырылып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Барлық тәрбиеленушілер үшін қолжетімді орта қалыптастыру мақсатында кедергісіз орта элементтері қарастырылған. Атап айтқанда, ғимаратқа кіру үшін пандус орнатылған, қозғалысты жеңілдететін бағыттаушы жолақтар қарастырылған, санитарлық тораптар талапқа сай жабдықталған. Бұл балалардың қауіпсіз әрі еркін қозғалуына мүмкіндік береді.

Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында облыстық бюджет есебінен қатты жабдықтармен жаңарту жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, топ бөлмелеріне жиһаздар, балаларға арналған үстелдер мен орындықтар, сақтау шкафтары және басқа да қажетті құрал-жабдықтар алынып, пайдалануға берілді. Бұл өз кезегінде балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын

қамтамасыз етіп, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру сапасын арттыруға мақсат етті.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде балабақшада қауіпсіз, қолжетімді және заманауи талаптарға сай дамытушы орта қалыптастырылды.

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның талапқа сай болуын үнемі назарда ұстайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету мақсатында балабақшада заттық-кеңістіктік дамытушы орталар құрылды. Дамытушы орта балаға өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға, өз қабілеттерін пайдалануға, өзін қызықтыратын әрекетпен айналысуға мүмкіндік береді. Балабақшада құрған пәндік дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығын басшылыққа ала отырып білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен жасақтандырылған. Балабақша жабдықтармен және жиһазбен жеткілікті деңгейде жабдықталғаны анықталды. «Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы МКҚК екі қабатты ғимаратында 6 топ карастырылған. Әр топта ойын бөлмесі мен жатын бөлмесі біріктірілген, қабылдау бөлмесі, дәретхана, ыдыс жуу бөлмелері бар. Барлық топтар қажетті жиһаздармен жабдықталған. Төсеніштер, ыдыс-аяқтар, жатын төсеніштері жеткілікті. Топтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай безендірілген. Сонымен қатар, ғимаратта меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, психолог кабинеті, музыка мен дене тәрбиесі залы біріктірілген, «Жеті ойыншық» кабинеті талапқа сай жабдықталған. Медбике кабинеті, оқшаулау кабинеті , есепші кабинеті, кір жуу бөлмесі, асхана, қосалқы бөлмелер бар. Қажетті жабдықтармен және жиһазбен толық қамтылған.

Балабақшадағы сауықтыру, профилактикалық жұмыс медбикенің жетекшілігімен медициналық талаптардың нормасына байланысты жүргізілуде. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жұмыстары бойынша нұсқаулықтар, күнделікті санитарлық–гигиеналық талаптарды орындау жұмыстары, дене тәрбиесі мен қауіпсіз мінез-құлық негіздерін жетілдіру жұмыстары, емдеу, алдын–ала және сауықтыру іс-шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары балабақша және де медбикенің жұмыс жоспарына сай. Медициналық кабинет санитарлық ережелерге сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген:

- Медициналық шкаф - 1;
- Жылжымалы кварц -2;
- Бой өлшегіш- 1;
- Салмақ өлшейтін таразы -1;
- Тонометр -1;
- Емдеу столы – 1;
- Кушетка- 1;
- Бесконтактный термометр -6;

- Тоңазытқыш – 1;
-Ширма -1;
- Қабырға кварцы -7, жылжымалы кварц-1;
- Жазу үстелдері- 1;
- Құжаттар салуға арналған шкаф- 1.

Балабақша медбикесінде 17 түрлі журналдар бар ,барлығы тігіліп нөмерленген. Балалардың күнделікті құнарлы да, сапалы тағамдармен тамақтандыруды ұйымдастыру балабақшаның медбикесі бақылауымен жүргізіледі.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыш, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай жасақталған.Тәртіп пен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігі әрдайым басты назарда.

Балабақшаның барлық топтары жиһаздармен, ойыншықтармен жабдықталған. Топтарда тәрбие мен оқыту процесін мемлекеттік стандарт пен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сай балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық ,шығармашылық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру күн тәртібіне сәйкес , ойын түрінде жүзеге асыру үшін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып заттық-дамытушы орталар құрылған.

**Физикалық дағдыларды дамыту:**

Физикалық дамыту аймағы бойынша сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі , балабақшада спорт зал музыкалық залмен біріктірілген. Осы жерде стандартқа сай үрмелі доптар, кіші спорттық құралдар (шаңғы , самокаттар, велосипедтер, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, құрсаулар,жалаушалар, үлкен,кіші доптар,секіргіштер,доғалар,жалаушалар т.б) қимылды ойындар құралдары жинақталған. Топтарда да денсаулық бұрышы массажды кілемшелермен, үрмелі доптар, кеглилер,құм қапшалары, жаттығуға арналған спорттық құралдармен жабдықталды.

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту:**

Коммуникативті дағдыларын дамыту бойынша топтарда қуыршақ , көлеңке,үстел үсті, саусақ, фартук театрлары, жас ерекшеліктеріне сай сюжетті-рольді (құрылысшы,тігінші, аурухана, шаштараз, дүкенші,отбасы, дәріхана) ойындары бар. Балаларға арналған ертегілер де барлық топтарда жинақталған. Тілдерін дамытып, сөздік қорларын молайтуға арналған лепбуктар (табиғат, үй жануарлары, жабайы аңдар, жемістер мен көкөністер, гүлдер, жиһаз т.б.тақырыптарда) үстел-үсті ойындар жинақталған. Сонымен қатар әр топта мобильді кітапханалар бұрышы жасалған, балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған 463 көркем әдебиет және де 34 аудио кітап,дискілермен қамтамасыз етілген.

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:**

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған түрлі сенсорикалық ойындар, құрастыруға арналған түрлі көлемдегі кубиктермен, конструкторлар, пазлдар ортаңғы топта «Луллия» сақиналары мен асық терапиясының элементтері,

ал қалған топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай «Кішкентай конструктор»IT бұрыштары жасақталып,зерттеу жұмыстарына арналған (лупа, құмсағат, глобус, түрлі көлемдегі ыдыстар, тастар, түрлі-түсті құм, сусымалы заттар т.б.)құралдар мен ойын түрлері толықтырылып жинақталған.

**Шығармашылық дағдылардың , зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:**

«Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы орталы музыка залында балалардың жас ерекшіліктеріне сай түрлі музыкалық аспаптар (домбыра, соқпалы аспаптар , барабан, бубен, сылдырмақ, қоңыраулар, үшбұрыш, маракастар, гофра ойыншықтары,ысқырғыш құстар,металофон), үрмелі аспаптар,фартук театры, театрланған қойылым атрибуттары, маскалар,көрнекіліктер эстетикалық талғамды жасалып жинақталған,ал топтарда бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған аудио құралдарымен жабдықталған. Шығармашылық жұмыс құралдары балаларға қол жетімді жерде орналасқан.

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған:**

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып,өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған барлық топтарда «Жасыл балабақша»,«Ұлттық бұрыш»,«Жол қауіпсіздік ережесі», «Театр бұрыштары» бұрыштары бар. Дегенмен топтардағы табиғат бұрышындағы гүлдер мен құрал жабдықтарды балалар жас ерекшеліктеріне сай жасақтау керек.

Балабақшаның барлық топтарында үстел үсті, дамытушы ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Баланың коммуникативтік қабілеттерін дамытып, қоршаған орта мен құрдастарының арасында өзін еркін сезінуге сюжетті-рольді, еркін ойындар да қарастырылған.

Балалар қауіпсіздігі әрдайым басты назарда. «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы №1217 қаулысы негізінде , «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспорты» 20.11.2021 жылы Алға аудандық Ішкі Істер бөлімімен бекітілген. 2019 жылы балабақшаның топ бөлмелерін, 1 қабатта кіреберіс және балабақша ауласының ойын алаңдары бейнебақылаумен қамтылған. Бейнебақылау камераларына қызмет көрсету үшін ЖШС «Премиум Стар Групп» деп аталатын өнім берушімен жасалды. Мекемеде барлығы 24 бейнекамера жұмыс жасайды. Камералардың сақтау мерзімдері 72 күндік. Ғимараттың 1 қабатында 8 бейнебақылау, 2 қабатында 10 бейнебақылау және сыртта 6 бейнебақылау камералары жұмыс жасап тұр. Монитор меңгеруші кабинетінде орналасқан. ЖШС «Премиум Стар Групп»деп аталатын өнім беруші тарапынан тоқсан сайын бақылау жүргізіліп отыр. Істен шыққан немесе ақау білінген бейнебақылау камералары қазіргі таңда анықталған жоқ.

Сонымен қатар, балабақшада аудандық ішкі істер бөліміне қосылған дабыл түймесі де орнатылған. Дабыл түймесі бойынша 15.01.2026 жылы №21 ЖШС «Эверест ПЦО» келісім шарт жасалды.

Балабақша - бейнекамералармен, бөлмелері жарықпен, жылумен қамтамасыз етілген.

Балалар бақшасында «Жеті ойыншық» жобасы аясында жасалған бөлме бар. «Жеті ойыншық» авторлық жобасының 7 аймағы бар.
«Зияткер», «Ұлы дала ұланы»,«Зерделі ұрпақ»,«Ұлы дала сазы»,«Ғажайыптар мекені»,«Тіл — қазына»,«Ұлы дала ұлағаты» осы 7 ойыншық жобасы негізінде 2025-2026 оқу жылында вариативтік компонентке төмендегі бағдарламалар жазылып Алға ауданы білім бөлімінің эксперттік кеңесінде 02.09.2025 №1 хаттамасымен бекітілген .

| № | тобы | Бағдарлама | Авторы |
|---|---|---|---|
| 1 | «Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы | «Ойыншықтар әлемі» 4 жастағы балаларға арналған ( 7 ойыншық құралдары) | Ересек Балдырған, Жұлдыз-ай |
| 2 | «Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы | «Ойыншықтар әлемі» 3 жастағы балаларға арналған ( 7 ойыншық құралдары) | Ортаңғы Балапан, Құлыншақ |

әр топтың балалары кабинетке келіп, құралдармен еркін ойнайға мүмкіндік жасалған.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»**

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 26.05.2025ж .№123 «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгеріс енгізіліп ,«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы болып өзгертілді.Біздің балабақшада да «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған .Осы ретте, «Ақтөбе облысының білім басқармасы»ММ 15.08.2025жыл № 341 (бұдан әрі өзгерістер мен толықтырулар 31.12.2025 жыл № 664 бұйрығы) , «Алға ауданының білім бөлімі» ММ .0 .2025 жылғы № бұйрығы, «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының 02.09.2025 жылы № 44 бұйрығына сәйкес 2025-2026 оқу жылына жоспар құрылып балабақша меңгерушісі Л.Б.Курмановамен бекітілді.

Балабақшадағы 2025-2026 оқу жылына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша әр айға кешенді жоспар құрылып

1.Қыркүйек- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
2.Қазан- Тәуелсіздік және отаншылдық айы
3.Қараша- Әділдік және жауапкершілік айы
4.Желтоқсан- Бірлік және ынтымақ айы
5.Қаңтар- Заң және тәртіп айы
6. Ақпан- Жасампаздық пен жаңашылдық айы

7.Наурыз- Тәуелсіздік және отаншылдық айы
8.Сәуір- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
9.Мамыр- Бірлік және ынтымақ айы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жобалары
1.Қамқор жобасы «Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат»
2.Еңбегі адал-жас өрен. «Күзгі асар» жәрменкесі, «Мамандықтар әлемі»
3. SMART BALA. «Кішкентай робот құрастырушылар», «SMART BALA»
4. Шабыт. «Менің отбасым», «Менің елім Қазақстан» сурет көрмелері, «Ертегілер еліне саяхат»Ұлттық ойын-ұлт қазынасы, «Менің елім -Қазақстан» сайысы. 5.Ұшқыр ой алаңы. Зияткерлік ойындар, «Жапырақ тамырдан нәр алады» 6.Балалар кітапханасы:«Шын жүректен кітап сыйла!» челенджі, «Жас тыңдарман»,«Кітаппен жарқын әлемге»

**Әжелер,Аналар,Әкелер мектебі**

Отбасы-жас ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі. Бала тәрбиенің алғашқы бастамасын отбасында алады, онда адамгершілік тәрбиесінің, негізі қалыптасады. «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының 02.09.2025ж №43 бұйрығы &1 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрығына сәйкес жоспарлар құрылып жұмыс жасалды.

"Әжелер мектебі"2025–2026 оқу жылының қараша айында "Әжелер мектебі" жоспарына сәйкес "Ертегі – танымның көзі","Бала тәрбиесіндегі әженің рөлі" ,"Әжеммен өткен бір күнім", "Әже – қазақи тәрбиенің бастау бұлағы" тақырыбында әжелермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.«Әкелер мектебі» жоспарға сәйкес әртүрлі форматтағы жұмыстар ұйымдастырылды:«Әкелер мектебінің»,«Әке – отбасының тірегі», «Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат» шығармашылық шеберлік сағаты өткізілді. «Әкеммен бірге мен бақыттымын» фото көрме.Фото көрмеге 46 ата-ана қатысты. «Әкемен бірге құрастырайық» (LEGO турнирі) өтті.
«Аналар мектебі» жұмыс жоспарына сай келесі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілген: «Отбасы құндылықтары» тақырыбында дөңгелек үстел, «Ең сүйікті кейіпкер» тақырыбында бала мен ананың табиғи материалдан жасаған жұмыстарының көрме.Көрмеге 6 ана мен бала қатысты. «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке гигенасы» тақырыбында кеңес берілді. «Біз шырқаған сол бір әуен» ана мен баланың қатысуымен ән байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 5 ана қатысты. «Сәнді бұрым» шаш өру үлгісі бойынша бейне ролик байқауы өттізілген.Бейнеролик байқауына барлығы 14 тәрбиеленуші қыздар, 14 ана қатысты. Бейнеролик инстаграмм желісіне салынып, ең көп қаралыммен лүпіл жинаған бейне бойынша қорытындыланып, марапаттау рәсімі өткізілген.

**Қорытынды:** Жабдықтармен және жиһазбен қамтылуы Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 9 тармағына сәйкес келеді.

## 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана

Балабақшада ақпараттық—коммуникативтік технологияларды қолданудың негізгі мақсаты білім беру жүйесінің барлық қатысушыларының заман талабына сай АКТ –ны тиімді пайдалану және ақпараттық мәдениетін арттыру болып табылады. Балабақша компьютерлік техникамен жабдықталған және балабақша педагогтары ақпараттық—коммуникативтік технологияларды кеңінен қолданады. Компьютерлік техниканы және интернет байланысын пайдалану тәрбие-білім беру процесінің тиімділігін арттырады. Қазіргі таңда балабақшаның барлық педагогтері компьютерлік техниканы меңгерген, интернет ресурстарымен жұмыс істеуге дағдыланған. Балабақшаның барлық құжат айналымы электронды түрде жүргізіледі. Әдістемелік кабинеті компьютер, принтер, сканер, ламинатор, переплет құралдарымен жабдықталған. Музыка залында проектор бар. Әдіскер кабинетінде әдістемелік құралдар, әдістемелік әдебиеттер, балалар әдебиеті, көрнекі және дидактикалық материалдармен, оқыту бейнематериалдары, электронды тасығыштар, электронды ертегілер, жас ерекшеліктеріне сай балалар көркем әдебиетінің шағын кітапхана қоры бар. Жыл сайын кітапхана мерзімдік басылымдар есебінен толтырылып отырады.

## 7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

2025-2026 оқу жылдарында бағалау қорытындысы бойынша балабақша тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

**2025-2026 о/ж. «Болашақ» балалар бақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі**

| Кезеңдері | Жоғары деңгейлі балалар үлесі | Орта деңгейлі балалар үлесі | Төмен деңгейлі балалар үлесі |
|---|---|---|---|
| Бастапқы | 52% | 43% | 5% |
| Аралық | 56% | 34% | 10% |
| Қорытынды | 74% | 26% | 0% |



**7.1 Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы:**
2025-2026 оқу жылында балабақшаның барлық топтары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген мониторинг негізінде әр баланың жеке даму карталары қағаз жүзінде және "Nobd.edu.kz" порталы негізінде толтырылған. Балалармен жүргізілетін жеке, түзету-дамыту жұмыстары тәрбиешілердің апталық циклограммаларында көрсетілген, әр тәрбиеленушінің жеке даму карталары әр кезеңде толтырылып, қағаз және электронды түрде жинақталған.
**7.2 Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерін болуы және талдауы.**
2025-2026 оқу жылында «Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсыным» (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамасы) бойынша жасалды.

**7.3 Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиенушілердің жетістіктерін мониторингтеу (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау.**
2025-2026 оқу жылдарындағы (қорытынды) мониторинг құжаттары электронды форматта толтырылды.
**Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы**
2025-2026 оқу жылында оқу жұмыс жоспарын зерделеуге ұсынылды. Оқу жұмыс жоспары Алға аудандық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, балабақша меңгерушісі қолымен бекітілген. 2025-2026 оқу жылына арналып оқу жұмыс жоспары 6 топқа арналып құрылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты,
«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (2025 жылғы 16 қаңтар № 7 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) негізінде оқу жұмыс жоспары құрылған.

**Әдістемелік ұсынымдар:**
1.Балабақшаның барлық топтарында заттық-кеңістік дамытушы ортасын толықтыру
2.Педагогтардың санаттық деңгейін және жаңартылған білім мазмұны бойынша курстардан өтуін қамтамасыз ету
3.Ата-аналар мен балабақшаның ынтымақтастығын арттыру

**Қорытынды:** Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2026 жылғы 4 маусым

№1 хаттамалық шешіміне сәйкес «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» МКҚК жалпы бағалау көрсеткіштері бойынша мектепке дейінгі ұйым бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағаланып, аттестаттау нәтижесі: «Аттестатталды»

Комиссия төрайымы: ____________________ Курманова Л. Б-
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының меңгерушісі

Комиссия мүшелері: ____________________ Уразалина Г.Б -балабақша әдіскері
____________________ Досова А.Б- тәрбиеші
____________________ Бекенова Г.Ж - балабақша әдіскері
____________________ Сатаева А.Д- кәсіподақ төрағасы